

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KNASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”))	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҰРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҰРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАЙЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды күзіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

***Ш.А. БАКИРОВА¹** **Л.Қ. БАЙМЫШ²** Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы Университеті, Шымкент, Қазақстан¹Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан²(e-mail: sholpan.2030@mail.ru¹, laura.baymysh@mail.ru²)

Ж. БЕКТҰРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ САРЫН

Аңдатпа. Мақалада Ж.Бектұровтың өмір жолы мен шығармашылық мұрасы қарастырылып, ақын поэзиясындағы азаттық идеясының көркемдік көрінісі талданады. Зерттеу нысаны ретінде хан Кенеге арналған өлеңдері алынып, олардың тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері, тарихи шындықты бейнелеу сипаты және ұлттық рухты танытудағы поэтикалық қызметі сараланады. Ақын шығармаларында халықтың отаршылдық езгіге қарсы күресі, ел тәуелсіздігін аңсау сарыны және Кенесары Қасымұлы тұлғасының тарихи үдерістегі орны көркемдік тұрғыдан пайымдалады. Кенесары бейнесі ұлт бостандығы жолындағы күрестің символы ретінде сипатталып, оның тарих сахнасына шығуы заман талабы мен тарихи қажеттілік ретінде түсіндіріледі.

Зерттеу барысында Орталық Қазақстан өңіріндегі, соның ішінде қазіргі Қарағанды облысы аумағындағы әдеби-рухани мұра жасаушылардың шығармашылығы сөз етіледі. Тоталитарлық жүйе кезеңінде есімдері көмескі тартқан, шығармалары әділ бағасын алмаған ақындар мұрасын тәуелсіздік кезеңі тұрғысынан қайта зерделеудің маңызы айқындалады. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен кеңестік билік тұсындағы идеологиялық қысым жағдайында туған поэзиядағы еркіндік идеясының тарихи сабақтастығы көрсетіледі.

Мақалада отаршыл патша үкіметіне қарсы көзқарас ұстанып, белгілі бір кезеңде кеңестік биліктен үміт күткен Ж.Бектұров шығармашылығы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның рухани құндылықтары тұрғысынан бағаланады. Ақын поэзиясындағы туған жерге сүйіспеншілік, ұлттық намыс, тарихи жад және азаттық мұраттарының көркемдік жүйесі талданып, оның қазақ әдебиетіндегі орны айқындалады. Ж.Бектұров мұрасы ұлт руханиятының маңызды бір бөлігі ретінде қарастырылып, оның жалпыадамзаттық құндылықтармен үндестігі ғылыми тұрғыда тұжырымдалады.

Түйін сөздер: Кеңестік жүйе, отарлау саясаты, ұлт-азаттық қозғалыс, азаттық идеясы, тоталитарлық тәртіп.

Кіріспе. Жетпіс жылдан астам уақыт бойы үстемдік құрған кеңестік жүйе әлемдік тарихтағы ірі империялық құрылымдардың бірі ретінде өз идеологиялық ұстанымдарын қатаң түрде жүзеге асырып отырды. Бұл жүйе, сырттай алғанда, теңдік пен бауырластық ұранын көтергенімен, іс жүзінде ұлттық бірегейліктерді әлсіретуге, этникалық ерекшеліктерді жоюға бағытталған орталықтандырылған саясат жүргізді. Әсіресе саны аз ұлттардың рухани-мәдени мұралары кеңестік идеология талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оларды шектеу, бұрмалау немесе толықтай жою әрекеттері орын алды. Мұндай саясаттың салдары ретінде ұлттық тарихи жадтың үзілуі, дәстүрлі мәдени кодтардың әлсіреуі, рухани сабақтастықтың бұзылуы сияқты күрделі құбылыстар қалыптасты.

Қазақ халқының әдеби-мәдени мұралары да осы идеологиялық сүзгіден тыс қалмады. XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы сынды ақындар өз дәуірінің әлеуметтік-саяси ахуалын шынайы бейнелеп, отарлық езгінің зардаптарын ашық жырлағаны үшін кеңестік әдебиеттануда «зар заман ақындары» деген атаумен сипатталды. Бұл атау ғылыми тұрғыдан бейтарап термин емес, керісінше, белгілі бір идеологиялық бағалауыш жүктемесі бар ұғым ретінде қолданылды. Аталған ақындардың шығармалары ұзақ уақыт бойы «реакцияшыл», «кертартпа» ағым өкілдерінің туындылары ретінде бағаланып, оқу бағдарламаларында біржақты түсіндірілді. Соның нәтижесінде олардың мұраларының шынайы көркемдік-эстетикалық және тарихи-танымдық құндылығы толық ашылмай, бұрмаланған күйде ұсынылды. Жалпы алғанда, адамзат өркениетінің даму тарихында көркемөнердің негізгі тақырыптарының бірі – еркіндік пен тәуелсіздік идеясы болып табылады. Әдебиет пен өнер туындылары көбіне жеке адамның ғана емес, тұтас халықтың бостандыққа ұмтылысын, рухани тәуелсіздігін бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ақын-жырауларының шығармашылығы да ұлттық азаттық идеясының көркем көрінісі ретінде бағалануы тиіс. Олар өз дәуіріндегі тарихи өзгерістерді, отарлық қысымның күшеюін, әлеуметтік теңсіздікті терең сезініп, оны поэтикалық тіл арқылы жеткізе білді. Бұл шығармалар тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар тарихи дерек көзі, ұлттық сананың айнасы ретінде құнды.

Патшалық Ресейдің отарлау саясаты кеңестік кезеңде жаңа формада жалғасын тапты деуге негіз бар. Большевиктік-коммунистік жүйе ұлттық элитаны, дәстүрлі билік институттарын (хандық жүйе, билер институты), сондай-ақ батырлар жыры, шешендік өнер, тарихи жадты сақтаушы фольклорлық мұраларды идеологиялық тұрғыдан қайта қарастырып, олардың маңызын төмендетуге немесе мүлде жоққа шығаруға тырысты. Қазақ халқының батырлары, хандары мен сұлтандары көбіне «феодалдық үстем тап өкілдері» ретінде сипатталып, олардың тарихи рөліне теріс баға берілді. Бұл үрдіс ұлттық тарихи сананы әлсіретіп, ұлттың өзін-өзі тану үдерісіне кері әсерін тигізді. Аталған құбылыстарды қазіргі гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан қарастырғанда, оларды мәдени геноцид немесе рухани ассимиляция үдерісі ретінде бағалауға болады. Себебі мұндай саясат белгілі бір халықтың тілін, мәдениетін, тарихи жадын жүйелі түрде әлсіретуді көздейді. Дегенмен, қандай қысым болса да, ұлттық сана толықтай жойылып кетпейтіні белгілі. Ғалымдардың пікірінше, адам санасын толықтай бақылауда ұстау мүмкін емес, өйткені тарихи шындық пен рухани құндылықтар уақыт өте келе қайта жаңғырып, қоғамдық санада өз орнын табады. Осы заңдылық қазақ халқының тарихынан да айқын көрінеді: тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын бұрмаланған немесе тыйым салынған мұралар қайта зерттеліп, өз бағасын ала бастады. Адамзат баласының көркемөнері пайда болғаннан бастап, тәуелсіздікті, еркіндікті жырламаған туынды жоқ десек, артық айтқандық бола қоймас. Адам еркіндігін аңсаған өнер туындысы авторға ел азаттығын армандайтын биікке көтерілуіне алғышарттар жасады. Патшалық отарлау саясатын еш дабыра қылмай-ақ кеңестік дәуірде жете жалғастыра білген большевиктік-коммунистік жүйе қазақтың айтулы батыр, әйгілі шешен, ақындарын, атақты хан, сұлтандарын, әлемдегі ешбір елде жоқ ерекше құбылыс жырларын ұлт жадынан өшіруге тырысты. Бұл аса қатерлі, тұтас бір халықты мәңгірттендіруге бағытталған қауіпті генацид еді. Осыдан келіп, «... адамды қанауға, құл қылуға болар, алайда оның санасын мәңгі – бақи бұғауда ұстау қиын, себебі, ерте ме кешпе, шыңғырған шындық жарыққа шығады» деген ғалым пікірімен келіспеске шараң жоқ [1, 27].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеудің материалы ретінде Жайық Кәгенұлы Бектұровтың поэзиялық мұрасы, атап айтқанда азаттық, тәуелсіздік, ұлттық рух мәселелерін арқау еткен өлеңдері мен жоқтау-толғау циклдері алынды. Сонымен қатар ақынның мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған әдеби-сын мақалалары, тарихи-танымдық еңбектері және замандастары туралы жазған зерттеу сипатындағы жазбалары қамтылды.

Зерттеу барысында отандық әдебиеттану ғылымындағы азаттық идеясы, ұлттық рух, тарихи сана, көркемдік дәстүр мен жаңашылдық мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер

пайдаланылды. Бұл еңбектер зерттеу тақырыбын теориялық тұрғыдан негіздеуге, ақын шығармашылығын әдеби үдеріс контекстінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Ақынның дүниетанымдық және көркемдік ойлау жүйесін айқындау мақсатында оның шығармалары мазмұндық-тақырыптық тұрғыдан жүйеленіп, идеялық-көркемдік ерекшеліктері сараланды. Жинақталған материалдар негізінде Ж.Бектұров туындыларындағы азаттық сарынының тарихи-философиялық негіздері, поэтикалық табиғаты және ұлттық идеямен сабақтастығы зерделенді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-әдеби талдау принципі, көркем мәтінді кешенді қарастыру ұстанымы, мазмұн мен түр бірлігі теориясы, сондай-ақ дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы туралы әдебиеттану ғылымындағы тұжырымдар құрайды. Зерттеу барысында әдеби шығарманы қоғамдық-әлеуметтік жағдаймен, тарихи шындықпен және авторлық ұстаныммен бірлікте қарастыру қағидаты басшылыққа алынды.

Мақаланы дайындау барысында төмендегідей ғылыми әдістер қолданылды:

- тарихи-әдеби талдау әдісі – ақын шығармаларын дәуірлік әдеби үдеріс аясында қарастыру, азаттық идеясының тарихи негіздерін анықтау мақсатында;
- мәтіндік және поэтикалық талдау әдісі – өлеңдердің құрылымдық жүйесін, образдар табиғатын, көркемдік құралдар қызметін саралау үшін;
- салыстырмалы талдау әдісі – Ж. Бектұров поэзиясындағы азаттық идеясын қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі еркіндік сарындарымен сабақтастыра қарастыру мақсатында;
- жүйелеу және жинақтау әдістері – зерттеу барысында алынған ғылыми тұжырымдарды бірізді қалыптастыру үшін;

Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңде жүргізілді. Алғашқы кезеңде тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттерге талдау жасалып, теориялық негіздер айқындалды. Екінші кезеңде Ж.Бектұров шығармалары тақырыптық және идеялық тұрғыдан топтастырылып, мәтіндік талдау жүргізілді. Қорытынды кезеңде алынған нәтижелер жүйеленіп, ғылыми тұжырымдар жасалды.

Осылайша, қолданылған әдіснамалық ұстанымдар мен зерттеу әдістері Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық идеясын тарихи, философиялық және поэтикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді және ақын мұрасының ұлттық әдебиет тарихындағы орнын айқындауға негіз болады.

Талқылау мен бақылау. Тәуелсіздік – киелі ұғым. Ол бірдің емес, мыңның, көптің, баршаның арман-аңсары. Ал, терең үңілген жан бұл ұғымның әлдеқайда күрделі, қатпар-қатпар тылсым да құпияға толы ұғым екенін байқаса керек. Тәуелсіздік, азаттық, еркіндік бодандықта бола тұрып, өзін отарлап отырған империяға қарсылық білдіру, күреске шығу, ақындардың бостандыққа үндеген жырларының қай уақытта болса да тұтас бір идеологияның қызметін атқаруы қалың халықтың назарын аудармай қойған жоқ.

С.Қасқабасовтың: «Тәуелсіздік деген – кең ұғым. Бұған ру-тайпаның өзін қорғауы, мемлекеттің өз егемендігін сақтау үшін шайқасуы, ұлттың тәуелсіздік үшін күресі, тіпті жеке адамның бас бостандығы, сезім еркіндігі үшін және қайраткерлердің ой мен сананың, ар мен ұжданның азаттығы үшін күресі жатады» [2, 4], – деп келетін пікірі айрықша ден қоюға тұрарлық

Тәуелсіздік – қоғамда, өмірде, айнала қоршаған ортада ғана емес, әр адамның ішкі болмысына ұя салған Жақсылық пен Жамандықтың алғашқысын жақтаған адам пиғылы. Тәуелсіздіктің салтанат құруы немесе кешігіп келуі – бәрі де адам болмысымен тығыз байланысты. Тәуелсіздік – адам рухының өре-деңгейі. Биіктігінің немесе аласалығының көрсеткіші. Тұтас бір ұлттың, халықтың еркіндікке, азаттыққа ұмтылып, отарлаушы елдің қанды шеңгелінен құтылуды ғана емес, тағдырдың пешенесіне жазып қойған жазмышына деген қарсылығы деп те ұғынамыз.

Р.Нұрғали: «Кеңес үкіметі, партиялық органдар қаншалықты қаталдық жасап, қырағылық көрсеттім дегенмен, алаш идеялары, ұлттық азаттық рухы, тәуелсіздік сарындары, әсіресе әдебиетте, өнерде, ғылымда жойылып кеткен жоқ» [3, 81], – дейді.

Қазақ халқы – ғасырлар бойы тәуелсіздікке ұмтылған халық. Алайда арғы-бергі тарихта мемлекеттігінен айрылып, бодандықтың ауыр қамытын киіп, тұтас XIX ғасыр мен

кеңестік дәуір деп аталатын XX ғасырдағы жетпіс жылдан астам уақыт бойы қазақ ұлтының көрген теперішін еш халық көрген жоқ деп батыл айтуға болады. Адамзат баласының тарихында өз халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған атақты тұлғалар көп болған, алайда олардың басым бөлшегі қазақтың тарихына есімдері алтын әріппен жазылған Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б. көрген азап пен қорлықты көрген жоқ. Егер бір миллионға да толмайтын халықтың өкілі иман Шәміл орыс отаршылдығына қарсы күрессе, көтеріліс жеңілген соң Кавказдың сол перзентіне орыс империясы кешірім жасады, ал «тірі тұрғанда орыстың отарлау саясатынан қазақты азат етем» деген ұлтымыздың ұлы перзенті Кенесары хан Қасымұлының XIX ғасырдағы ауыр тағдыры көп нәрсені аңғартса керек. Демек, бірлік, ынтымақ, ұйымшылдық ұғымдарының отаршылдық жылдарында қазақтың өз ішіндегі өре-деңгейін, әрірек алғанда, Азияны мекендеген түркі тілдес туысқандардың ұжымшылдығын пайымдап, саралау көп нәрсені аңғартса керек дегенді айтқымыз келеді. Ал, бұл жайттар тарихи жағдаяттардан туындаған еді. Өз кезеңінде осынау қалыптасқан жағдайлар өзгеше рухтағы, соңғы серпін, жаңа лепке негізделген, азаттық идеясын арқау еткен поэзияның тууына алғышарттар жасады, отты да өміршең поэзияны тарих сахнасына шығарды.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, исламдық мәдениет, жыраулар поэзиясы, сәл бертіндегі ақындар мұралары, жыраулар поэзиясы, сәл бертіндегі ақындар мұрасы, XX ғасыр басындағы алаш ұранды әдебиет өкілдері бүгінгі күнге ұлы өсиет қалдырды. Кеңестік дәуірде осынау өсиет ұлттық рух қанша жаншылса да, өз жемісін бермеді деп ешкім айта алмас. Тоталитарлық тәртіп тұсында замана тынысын, кеңестік зұлымдық саясатты ашық айтып, жырлауға мүмкіндік болмағандықтан, көкірегінде намысы бар ұлт зиялылары ишарамен, тұспалдап жеткізуге тырысты.

Сана еркіндігінен кеңестік дәуір тұсында қалай айрылғанымыз мәлім, алайда сол тоталитарлық жүйеден азат болған кезімізде ұлттық рух көмескі тартып, өз асылымыздан гөрі, өзгенің жылтырағына тәнті болып жүргеніміз жасырын емес қой. Қазіргі егемен еліміздегі рухани экспансия элементтерінің орын алғандығы, басқа діни секталар ықпалына қазақтың берілуі, сыбайлас жемқорлық, ұлттық өнердің сахнадан біртін-біртін ығыстырыла бастауы бәрі де шындық емес пе? Ендеше, кешегі құлдық, бодандық психологиядан толықтай арылып бітпегеніміз және ақиқат.

Бауыржан Омарұлы: «Қазақ әдебиетіндегі зар заман ақындарының ойтұжырымдарын олардың өздері ғұмыр кешкен кезеңге көзқарастарының жиынтығы тұрғысынан бағалағанның өзінде жыр жүйріктерінің мұраларынан ғибрат аларлық нәрсе аз емес» [4, 118], – деп айтқандай. Яғни кешегі абыз өнерпаздардың, атақты жыраулар мен ақындарымыздың бірі ғана емес, бірегейі – Жайық ақынның көрегендігіне тәнті боласың ... Осынау тұлғаның бойына ақындық, зерттеушілік, журналистік, дарыған еді. Ол өз замандастарының ішінде ұлттық тарих пен руханияттың бірден-бір жоқшысы деген қасиетті атқа ие бола алды.

Ж.Бектұровтың өмір жолын сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдайлардан бөліп қарауға болмайды. Құжаттарында туған жылы – 1912 жыл, аз естеліктеріне сүйенсек, 1911 жылы қазіргі Ақмола облысы Ақкөл ауданындағы Амангелді аулында дүниеге келген. Ауылда мұғалім болған, мұғалімдік оқу бітірген соң 1934 жылы Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының мұғалімдер курсы, 1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітереді. Жиырма жасынан бастап, Қазақстан өлкелік комсомол комитеттерінде бірінші хатшы болып қызмет істейді. 1937 жылы «Лениншіл жас» газетінде редактордың орынбасары болып жүргенінде «халық жауларымен байланысы бар» деген күдікпен қызметінен босатылады. 1942 жылы «халық жауы» деген атпен айыпталып, өлім жазасына кесіледі. 1942 жылдың 9 желтоқсанындағы осы үкім 1945 жылдың 17 ақпаны күні 10 жылға ауыстырылады. 1947 жылы түрмеден мерзімнен бұрын болса да, үнемі бақылауда болады. Жұмыс таба алмайды, астанаға келуге құқығы жоқ. Ақыры, Талдықорғанға кетіп, мектепте мұғалім болады. Ж.Бектұровтың жабылған жаладан ақталуы – 1955 жыл. Ол,

Қазақстан Республикасының «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес республика Жоғарғы сотынан толықтай ақталғандығы туралы анықтама алуы-1993 жылдың 22 қыркүйегі.

Ж. Бектұров 1998 жылдың 28 наурызында дүниеден озды. Ол кісі өле-өлгенше қазақтың жақсысы мен жайсаңдарын жоқтаушы болды. Қыруар материал жинады. Тың деректерді іздестірді. Ұлылар ұлағатына адал болды. Ал, бұндай қасиет, сипаттар осынау танымал тұлғаның бойына еліне, қазағына деген шексіз сүйіспеншіліктен туындаған еді. Тарихы жоқ ел-жетім. Рухы пәс ұрпақ жетім. Ол аз ғұмырында осынау қағидаларды адамдық болмысының мәні мен маңызы, мазмұны деп түсіне алды. Ұлттық намысты, ұлттық рух пен ұлттық идеяны жоғары қоя білген Ж. Бектұров қазақтай халықтың ғасырлар бойы жасаған руханият мұрасының жалпы адамзаттық құндылықтар қатарынан лайықты орын алуға сай екенін түсіне алды.

Дүние – мәңгілік, жалған өткінші. Көне философия. Адам-дүниенің, мәңгіліктің туындысы. Менде жалғанның, күнделікті тіршіліктің туындысы. Адам өмірі ақиқат, адалдық, әділеттілік, имандылық деген ұғымдармен ұштасып жатса, пенденің өмірі күнделікті күнкөрістің қамымен байланысып жатады. Материалдық өмір-мәңгілік. Ұлттық руханият жоқшысы Ж. Бектұровтың өмірлік ұстанымы осынау қағидалардан тұрғандығына оның бізге жеткен мұрасы куә бола алады.

Қайым Мұхамедхановтың зерттеулеріне сүйене отырып, Ж. Қоныратбаева: «Ар мен парасаттылық шартын бірінші орынға қойған Шәкәрім адамзатқа қызмет етуді, ұрпақ үшін еңбек етуді абырой санайды. Жақын туысы, бас ұстазы Абайдың тәліміне риза «Сендерден кім тек өзі үшін жұмыс істесе, ол хайуандардың бірі, сендер бір боласыңдар Алланың сүйікті құлдарынан, адамдық борышын үшін еңбек етсең» [5, 39], – деген тұжырымды ұсынады.

Ж. Бектұровтың сан алалалы шығармашылық мұрасында өзі кезінде ар-ождан, жоқтау-толғау деп, ат қойған өлеңдер циклі бар. Олар негізінен, өзі өмірі туралы немесе жақындары мен туыстары туралы, соларға арналса да, бұл циклдің ұлт тарихында айрықша орны бар танымал тұлғалар өмірін арқау етуі оның әлеуметтік жүгінің салмақты болуына алғы шарттар жасаған. Кенесары, Исатай, Махамбет, Мәди, Иман-Жүсіп, Шәді төре, Әсет, Балуан Шолақ, Шоқан, Құдайберген Жұбанов, Бернияз, Омар, Ыбырай, Абай, Мағжан, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Әлихан, Жүсіпбек, Әлімхан, Мәшһүр Жүсіп, Үкілі Ыбырай, Смағұл, Тұрар, Мұстафа, Сұлтанбек, Халел, Нәзір, Сәкен, Сұлтанмахмұт, Санжар, Бейімбет, Тұрмағанбет т.б. – осы жоқтау-толғаулардың басты қаһармандары. 2006 жылы Жайық Кәгенұлы Бектұровтың әдеби мұрасынан кандидаттық диссертация қорғаған Ж.К.Әбдікеева сол жылы Астанадан Жайық Бектұров. «Жоқтау-толғау». Азала да арманды ата-ағаларға арнау атты шағын кітапша шығарды. Кітапша Ж.Бектұровтың мерзімді баспасөз беттерінде әр жылдары жарық көрген туындыларын қамтыған. Автордың «Кенесарыға» атты өлеңінде төмендегідей жолдар бар.

Білемін, Кенесары-ердің ері,
Намысы, қасіреті оның-қазақ елі.
Кеудесін аққа тосып, жауға шапқан,
Халқының дана туған кемеңгері.

Жау оны қамалады тұс-тұсынан,
Шекті азап өз елінде ит-құсынан.
Мерт болды қайран сабаз жалғыз қалып,
Бет қайтып, аң мен құстың жыртқышынан.

Кенекем өтті өмірден елін ойлап,
Аламан жеңдеттерден жерін қорғап.
Ерлігі, кісілігі болды өнеге,
Бүгінгі ұрпағына тұрсам болжап [6, 4].

Тарихи деректерге сүйенсек, Кенесары әскерінде жиырма мыңдай сарбаз болған. Ал, қазақ жеріндегі бекініс, станцияларда патша өкіметінің мұздай қаруланған жарты миллионға жуық әскері болғаны мәлім. Күш тең емес. Алайда патшаға өз дегенін істете алмайтынын Кенесары білмеді деу қиын. Сондықтан да Жайық ақын қазақтың ең соңғы ханының ақтық тұяқ серпінісінің мәніне, түп төркініне үңілуге тырысады.

Дихан Қамзабекұлы: «Тарих дамуының өз ырғағы болуы мүмкін, бірақ ол даму адамдар үшін – соқтықпалы-соқпақсыз және бұралаң. Ой мен сезім оны осылай қабылдап қорытады. Әдебиет – сол ой мен сезімнің айнасы» [7, 56], – деп сипаттайды

Болашақты болжай білген Кене хан айтқанға көніп, айдауға жүре беретін болса, халықтың рухы жоғалатынын, ұлттық намыстан ада болатынын сұңғылалықпен сезіне алды. Кенесары қозғалыстың бұқаралық сипат алуы үшін жанын да, тәнін де алған жоқ. Өз ұлтының намысқой жұрт екенін, кеудесінде өршіл рухтың пәс тартпағанын патшалық билік сезінсе, алғын тартар деген үмітте болды.

Арыстан айға шауып, болды ол мерт,
Қас, жауға құл болмасқа берген соң серт.
Сұрапыл қалың өртке тұншықса да,
Бойына дарытпады жұқпалы дерт.

Айбыны жаужүректің бүгін сабақ,
Атағы түнгі сәуле көкте айқабақ.
Арада ұзақ жылдар өтсе-дағы,
Күніне туған, өлген тарттық табақ.

Іздеген сүйегіңді сенің жатқан,
Қызылсу, Кекілік пен Самсы жақтан.
Қасыма киелі абыз ертіп асып,
Жеріне қырғыз елі барып тапқан.

Бейітіне ер Кенекем шынар шыққан,
Өзіңнен, аруағыңнан жауың ыққан.
Артыңнан белгі болып қалмасын деп,
Манаптар сол шынарды отап құртқан [6, 4].

Автор қырғыз халқын даттаудан аулақ. Оны қинайтыны-манаптардың қылығы. Беймезгіл заманда әлсіз күштінің сойылын соғады, сөзін сөйлейді. Ол-өмір заңы. XIX ғасырдың қырқыншы жылдарының екінші жартысында қазақ-қырғыз қарым-қатынасының айрықша шиленіскені мәлім. «Кенесарының кегін аламыз» деп аттанған қазақ қолының әрекетінен хан бастаған ауыр істің аяқсыз қалмағанын көруге болады. «Өгізге туған күн бұзауға да тумас» дегендей, қазақ жерін атарлап, басып алудың ертеңгі күні қырғыз, өзбек жерінде де жалғасын табарын хан Кене біліп, оларды бірігуге шақырса, «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген пиғылда болған қандастарымыздың басшылары оны түсінбеді. Кенесарыға «аһ» ұрғызып, бармағын шайнатқан да осы алтыбақан алауыздық екені тарихтан белгілі жайт.

Бұндай дәріптеулердің орынсыз емес екенін В.Трепавловтың Мұса бидің өз кезінде зор билікке қол жеткізіп, Дешті Қыпшақтың хакімі дәрежесіне көтерілгені туралы жазғанынан аңғарылады [8].

Ақын Ж.Бектұровты да толғандырып отырған осы жайт. Ол Кене ханды жоқтайды, тарихыңды біл, жадында ұста деген идеяны ұсынады.

Көрсетті-ау дұшпан қорлық Кенекеме,
Ағашқа басын да ілді келекеге.
Болатты тот баспасы белгілі ғой,
Ояттық бүгін сені мерекеге.

Әкесін, аға-інісін түгел қырды,
Қорлады ханымын да, ұл мен қызды.
Әулетін кенесары жусатып сап,
Түсірді жүрегіме мұң мен мұзды.

Сол бір мұз жүректегі ерір ме екен?
Тынысым көп тарылған кеңір ме екен?
Өткеннің ойсыраған орны толып,
Қасірет жанға батқан кемір ме екен?

Жара бар жазылмайтын емдесең де,
Адам бар естен кетпес, көрмесең де.
Кенекем дәл осындай асыл кездік,
Тот тұрмас мың жыл бұрын жерлесең де [6, 4].

Автор ұғымынша, тарих – тек өткен күндер немесе адамзат баласының жүріп өткен жолының хронологиялық шежіресі ғана емес, сонымен қатар, тағдымы мен тәлімі бар, танымы бар ұғым. Тән жарасы жазылар-ау. Жазылмаса, өлерсің. Өмір-мұрат, өлім-ақиқат. Ең қиыны жан жарасы. Жаны жаралы болған адам-мүсіркеуге тұрарлық жан. Ал, мүсіркеуді, аяуды рухы биік адам ұнатпайды. Қайсарлық, өжеттілік, ақиқаттың ақ жолы үшін басын өлімге тігу сияқты қасиет, сипаттар тек қана рух егіз. Ұлттық идея өлген жерде ұлттық рухта жоғалады. Ақын үшін Кенесары – ұлттық рухтың символы. Кене ханды ұмыту қиын. Хан қазасы – орны толмас қаза. Ұлттық рух өлмесе екен деп тілейді автор.

«Хан» дейтін Кенекемнің көрдім көлін,
Қан тамған кіндігінің көрдім жерін.
Бұл алап сұлу Көкше өр кеудесі,
Бесігі ер Кенекем көрдім елін.

Көлің мен жерің бәрі орнында тұр,
Не керек жер-көл дейтін атағы құр.
Еліңнің құты қашып, жерің жетім,
Төбемді бұлт тарлап, күн жаумап тұр.

Тәңірім, жаңбырыңнан жауғызшы нұр,
Халқым-ау, дұшпаныңа көрсетші қыр.
Ер керек кенекемдей ел-жұртыма,
Ішіме шер боп қатқан осы бір сыр [6, 5]

Нәтижелер. Жайық Бектұров ХХ ғасырда қазақ поэзиясына үлкен үлес қосып, өз шығармаларына тәуелсіздік, бостандық идеяларын арқау еткен өлеңдері кең көлемде ғылыми тұрғыдан қарастырылды:

– ұлттық әдебиеттегі ғасырлар бойы жырланған бостандық идеясы төңірегіндегі белгілі бір дәрежеде қалыптасқан дәстүр мен жаңашылдық сияқты тарихи-философиялық ұғымдар өз жалғасын тапты;

– Жайық Бектұров қазақ поэзиясына өзгеше рух, жаңаша серпін әкелді. Бұл бастама олардан кейінгі қазақ ақындарына әдеби, шеберлік мектебі болды.

– тәуелсіздік идеясын жырлаған ақын шығармалары өзінің идеялық бағыты, танымдық қырлары жағынан қазақ әдебиетін жаңа бір даму сатысына көтерді;

– қазақ поэзиясына ұлттық болмысты, өршіл рухты, азаттықты жаңаша серпінмен жырлау жанр көкжиегінің кеңеюіне алғы шарттар жасады.

– ұлттық болмысқа негізделген тіл, қазақ тарихы, қазақы дүниетаным бір тұтас байланысқа, органикалық бірлікке айналды.

Ақын шығармашылығы, әсіресе, тәуелсіздік, еркіндік, азаттық идеяларын терең философиялық деңгейде жырлауымен ерекшеленеді. Оның поэзиясында жеке тұлғаның

еркіндігі мен ұлттың тәуелсіздігі өзара сабақтас ұғымдар ретінде қарастырылып, тарихи сана мен ұлттық рухтың көркем бейнесі сомдалады. Осы тұрғыдан алғанда, Жайық Бектұров шығармалары қазақ әдебиетіндегі азаттық идеясының эволюциясын айқындайтын маңызды кезеңдердің бірі ретінде ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеуді талап етеді. Ұлттық әдебиетте ғасырлар бойы үзілмей жалғасып келе жатқан бостандық идеясы қазақ поэзиясының іргелі тақырыптарының бірі. Жыраулар поэзиясынан бастау алатын бұл дәстүр кейінгі дәуір ақындарының шығармашылығында әртүрлі тарихи жағдайларға сәйкес жаңаша мазмұнмен толықтырылып отырды. Жайық Бектұров осы дәстүрді жалғастыра отырып, оған жаңа тарихи-философиялық сипат дарытты. Оның өлеңдерінде азаттық ұғымы тек саяси тәуелсіздікпен шектелмей, рухани еркіндік, ұлттық өзіндік сана, адамгершілік құндылықтармен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл дәстүр мен жаңашылдықтың өзара сабақтастығын айқын көрсететін маңызды белгі.

Жайық Бектұров қазақ поэзиясына өзгеше рух пен жаңаша серпін әкелген ақындардың қатарында ерекше орын алады. Оның поэтикалық тілі, образ жасау тәсілдері, символдық жүйесі ұлттық дүниетаныммен астасып, сонымен қатар заманауи көркемдік ізденістермен ұштасып жатады. Ақын шығармаларындағы көркемдік жаңалықтар кейінгі буын ақындарына ықпал етіп, белгілі бір дәрежеде әдеби мектеп қалыптастырды деуге негіз бар. Бұл мектеп поэзияда ұлттық рухты жаңаша пайымдауға, көркемдік формаларды түрлендіруге, мазмұн мен пішін бірлігін жаңа деңгейге көтеруге бағытталды.

Тәуелсіздік идеясын арқау еткен ақын шығармалары өзінің идеялық бағыты мен танымдық тереңдігі жағынан қазақ әдебиетінің даму үдерісіне сапалық өзгерістер енгізді. Ақын поэзиясында тарихи жады, ұлттық бірегейлік, азаттыққа ұмтылыс сияқты ұғымдар көркемдік жүйеде үйлесімді тоғысып, жаңа эстетикалық кеңістік қалыптастырды. Бұл өз кезегінде қазақ поэзиясын жаңа бір даму сатысына көтеріп, оның қоғамдық-әлеуметтік қызметін арттырды. Сонымен қатар, Жайық Бектұров шығармашылығы қазақ поэзиясында жанрлық және тақырыптық көкжиектің кеңеюіне ықпал етті. Ақын азаттық идеясын тек лирикалық өлеңдерде ғана емес, философиялық толғаулар, публицистикалық сарындағы шығармалар арқылы да өрбітті. Нәтижесінде поэзияның ішкі құрылымы байып, көркемдік-стильдік ізденістер тереңдей түсті. Бұл құбылыс ұлттық поэзияның эволюциялық дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі ретінде бағаланады. Ақын шығармашылығының тағы бір маңызды қыры ұлттық болмысты тұтастықта көрсетуі. Оның поэзиясында тіл, тарих, мәдениет, дүниетаным өзара тығыз байланыста қарастырылып, органикалық бірлікке айналады. Қазақ тілінің көркемдік мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы ақын ұлттық рухтың терең қабаттарын аша білді. Сонымен бірге, тарихи тақырыптарды игеру барысында қазақ халқының өткен жолы, күрес тарихы, рухани құндылықтары көркемдік тұрғыдан жаңаша пайымдалды. Бұл поэзиядағы ұлттық кодтың сақталуы мен жаңғыруының айқын көрінісі.

Қорытынды. Философия ғылымында «қажеттілік» деген ұғым бар. Халықтың отаршылдыққа қарсы жаппай көтерілуі, тарих сахнасында Кенесарыдай көсемнің шығу-тарихи қажеттілік. Кенесары мерт болды. Ол халқының бостандығы жолында қаза тапты. Ол жеке басына атақ, лауазым, мансап, байлық іздеген жоқ. Бір басына жетерлік байлық та, атақ та жеткілікті болатын. Атақты Абылайдың немересі деген аттың өзі неге тұрады? Егер халқы ақ киізге салып, боз биенің сүтіне шомылдырып, хан көтерсе, Кенесарының өз елін іргелі жұртпыз, айбарлы мемлекетпіз деп өзгеге көрсеткісі келгені. Жұрты үшін мерт болған Кенедей тұлғаның орны ойсырап тұр. Дәл сондай ұлы тұлға қашан дүниеге келмек? Расымен-ақ кезінде Абылайдың көрген түсінің шындыққа айналғаны ма? Шынымен-ақ бақа шаян, құрт-құмырсқа боп барамыз ба? Ақынды толғандырып отырған осы жайттар.

Кенекем болмақ жан-ды елдің бағы
Лайық оған еді ханның тағы.
Басым боп жаудың күші, ел іші ала,
Халқымның Кене өлгенде сынды сағы.

Халқыма ерлер керек Кене-Науан,
Үскірік боран соқса, болар панаң.
Саз бар ғой, көп қорқытар, терең жұтар,
Көбейіп, көркейер де келсең шамаң [6, 6].

Жалпы, Жайық Бектұровтың біз саз етіп отырған туындыларын талдағанда, бірнеше жайтқа көз жеткізіп, ерекшелік айтуда болады: біріншіден, жанрлық ерекшелігі. Әдебиет теориясындағы мазмұн мен түр ұғымы тұрғысынан келсек, терең мазмұнға автордың лайықты түр таба білгендігі. Жанрдың ішкі иірімдеріне үңілсек, бұл жоқтау-толғауларда авторлық ұстаным элегия түрінде беріледі, өршіл рухпен астасады. Келе-келе элегиялық сарын екінші кезекше ысырылып, бірінші кезекке өршіл, оптимизмге толы идея шығады. Ақын төгілген қанның текке кетпесін, ерте ме, кешпе, ұрпақ жадында жаңғырарын дұрыс пайымдап, идея ретінде ұсынады. Екіншіден, жоқтау-толғау деген атты айтып тұрғандай, ақын атақты арыстарын жоқтайды, сонымен қатар, нар тұлғалы ата, ағаларына жыр арнай отырып, көкейіндегі ойын адам, уақыт, қоғам, сана, саясат деген ұғымдар төңірегінде философиялық тұрғыдан түйіп отыруға тырысады. Ақынның «Сәкенге» деген өлеңінде үлкен салмақ бар, философиялық жүк бар.

Сәкенді ел таныған, деп азамат,
Мінгені ақ боз ат деп бір қазанат.
Түсінбей өзін-өзі ақын кетті,
Болсыншы ендігіміз сау-саламат! [6, 6].

Адамды үміті үшін сөгуге болмайды ғой. Сәкен халқы үшін шырылдап, қаламын ғана емес, қаруын да пайдаланды ғой. Ол коммунистік идеяға сеніп еді ғой. Ендеше, сол кеңестік жүйенің бұны мерт қылғаны қалай? «Опасыз жалған» деген осы. Үшіншіден, жоқтау-толғаудың барынша ақиқатқа негізделіп, шыңғырған шындықты тайсалмай, жыр жолдарына түсірілуі.

Қорыта келгенде, күні кешегі кеңестік уақыт аясындағы тоталитарлық тәртіптен қаншама зардан көрсе де, тайсалмай, мойымай, халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған Жайық Кәгенұлы Бектұровтың азаттық идеясымен суарылған жоқтау-толғауларының кейбір қырлары осындай. Аталмыш шағын мақаланы жазу барысында теориялық, әдіснамалық тұрғыдан белгілі ғалымдар З.Қабдоловтың [9], М.Базарбаевтың [10], З.Ахметовтың [11], А.Шәріптің [12], еңбектерін басшылыққа алдық.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Қасқабасов. С. Заман және руханият. // Егемен Қазақстан. № 34 (27345). – 2009. – Б. 4.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
4. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы: Генезис, типология, поэтика. – Алматы: Жазушы, 2000. – 367 б.
5. Konyratbayeva Zh. M., Satanova S., Konyratbayev O. Revealing Shakarim's passionate nature via his linguistic personality // Bilig. Journal of Social Sciences of the Turkic World. – Ankara, 2018. – Vol. 86. – P. 23–44. – DOI: http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-3131.html
6. Бектұров Ж. Жоқтау-толғау. Азалы да арманды ата-ағаларға арнау. – Астана: Т.Кәкішұлы қоры, 2006. – 280 б.
7. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 471 б.
8. Сәкен С.И., Әбсадық А.А., Жолдыбаев О.М., Саулембаева А.Б. Қазақ эпосы және Жошы ұлысының тарихи тағылымдары // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. – №1. – 2025. – Б 348-357. DOI: <https://doi.org/10.48081/VTEY7546>
9. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 380 б.
10. Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
11. Ахметов З. Поэзия шыңы даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
12. Шәріп А. Қазақ поэзиясындағы ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.

Ш.А. БАКИРОВА

Университет Жумабека Ахметовича Ташенева, Шымкент, Казахстан

Л.К. БАЙМЫШ

Центрально-Азиатский Инновационный Университет, Шымкент, Казахстан

МОТИВ СВОБОДЫ В ТВОРЧЕСТВЕ ЖАЙЫКА БЕКТУРОВА

Аннотация. В статье рассматриваются жизненный путь и творческое наследие Ж.Бектұрова, анализируется художественное воплощение идеи свободы в поэзии акына. В качестве объекта исследования выбраны стихотворения, посвящённые хану Кене, раскрываются их тематико-содержательные особенности, характер отражения исторической действительности и поэтическая функция в передаче национального духа. В произведениях поэта художественно осмысливаются борьба народа против колониального гнёта, мотивы стремления к национальной независимости, а также историческая роль личности хана Кенесары. Образ Кенесары характеризуется как символ освободительной борьбы народа, а его появление на исторической арене интерпретируется как веление времени и историческая необходимость.

В ходе исследования уделяется внимание представителям литературно-духовного наследия Центрального Казахстана, в том числе территории современной Карагандинской области. Подчеркивается значимость повторного осмысления творчества поэтов, чьи имена в период тоталитарной системы были забыты, а произведения не получили объективной оценки. Показана историческая преемственность идеи свободы в поэзии, созданной в условиях колониальной политики царской России и идеологического давления советской власти.

В статье творчество Ж.Бектұрова, выступавшего против колониальной политики царского правительства и определённый период связывавшего надежды советской властью, оценивается с позиций духовных ценностей независимого Казахстана. Анализируется художественная система поэзии автора, отражающая любовь к родной земле, национальное достоинство, историческую память и идеалы свободы, а также определяется его место в истории казахской литературы. Наследие Ж.Бектұрова рассматривается как важная часть национальной духовной культуры и в научном плане обосновывается его созвучие с общечеловеческими ценностями.

Ключевые слова: советская система, колониальная политика, национально-освободительное движение, идея свободы, тоталитарный режим.

Sh.A. BAKIROVA

Zhumabek Akhmetovich Tashenev University, Shymkent, Kazakhstan

L.K. BAYMYSH

Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

LIBERTY SERUM IN THE WORKS OF ZHAIK BEKTUROV

Annotation. The article examines the life path and creative heritage of Zh.Bekturov and analyzes the artistic representation of the idea of freedom in the poet's works. The study focuses on poems dedicated to Khan Kene, exploring their thematic and semantic features, the depiction of historical reality, and their poetic function in expressing the national spirit. The poet's works artistically interpret the people's struggle against colonial oppression, the aspiration for national independence, and the historical role of Kenesary Kasymuly. The image of Kenesary is characterized as a symbol of the national liberation movement, and his emergence on the historical stage is interpreted as a demand of the era and a historical necessity.

The research also highlights the literary and spiritual heritage created in Central Kazakhstan, particularly in the territory of the present-day Karaganda region. It emphasizes the importance of reassessing the works of poets whose names were marginalized during the totalitarian period and whose contributions did not receive proper evaluation. The historical continuity of the idea of

freedom in poetry created under the colonial policy of Tsarist Russia and the ideological pressure of the Soviet regime is demonstrated.

The article evaluates Zh.Bekturov's творчество — as a poet who opposed the colonial policy of the Tsarist government and, at a certain stage, associated hopes with Soviet power — from the perspective of the spiritual values of independent Kazakhstan. The artistic system of the poet's works, reflecting love for the homeland, national dignity, historical memory, and ideals of freedom, is analyzed, and his place in the history of Kazakh literature is defined. Zh.Bekturov's heritage is considered an important part of national spiritual culture, and its consonance with universal human values is substantiated in scholarly terms.

Keywords: Soviet system, colonial policy, national liberation movement, idea of freedom, totalitarian regime.

References

- 1 Baitursynov A. Adebiet tanytkysh: zertteu men olender. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 p.
- 2 Qasqabasov S. Zaman zhane rukhaniyat // Egemen Qazaqstan. – 2009. – No. 34 (27345). – P. 4.
- 3 Nurgali R. Qazaq adabietinin altyn gasyry. – Astana: Kultegin, 2002. – 528 p.
- 4 Omaruly B. Zar zaman poeziyasy: genezis, tipologiya, poetika. – Almaty: Zhazushy, 2000. – 367 p.
- 5 Konyratbayeva Zh. M., Satenova S., Konyratbayev O. Revealing Shakarim's passionate nature via his linguistic personality // Bilig. Journal of Social Sciences of the Turkic World. – Ankara, 2018. – Vol. 86. – P. 23-44. – DOI: http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-3131.html
- 6 Bekturov Zh. Zhoktau-tolgau. Azaly da armandy ata-agalarga arnau. – Astana: T. Kakishuly qory, 2006. – 280 p.
- 7 Qamzabekuly D. Alash zhane adabiet. – Astana: Foliant, 2002. – 471 p.
- 8 Saken S. I., Absadyk A. A., Zholdybayev O. M., Saulembayeva A. B. Qazaq eposy zhane Zhoshy uly synyn tarihi tagylymdary // Toraygyrov University Bulletin. Philological Series. – 2025. – No. 1. – P. 348–357. – DOI: <https://doi.org/10.48081/VTEY7546>
- 9 Qabdolov Z. Adebiet teoriyasynyn negizderi. – Almaty: Mektep, 1970. – 380 p.
- 10 Bazarbayev M. Olen sozdin patshasy, soz sarasy. – Almaty: Zhazushy, 1973. – 256 p.
- 11 Akhmetov Z. Poeziya shyny – danalyk. – Astana: Foliant, 2002. – 408 p.
- 12 Sharip A. Qazaq poeziyasyn dagy ulttyk idea. – Almaty: Bilim, 2000. – 336 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Бакирова Шолпан Абдикеримовна – филология ғылымдарының кандидаты, Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан.

Бакирова Шолпан Абдикеримовна – кандидат филологических наук, старший преподаватель Университета Жумабека Ахметовича Ташенева, Шымкент, Казахстан.

Bakirova Sholpan Abdikerimova – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer at the Zhumabek Akhmetovich Tashenev University, Shymkent, Kazakhstan.

Баймыш Лаура Құрманалықызы – филология ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан.

Баймыш Лаура Курманалиқызы – кандидат филологических наук, старший преподаватель Центрально-Азиатского инновационного университета, Шымкент, Казахстан.

Baymysh Laura Kurmanalikyzy – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer at the Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan.